

**Төлеби ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 19/103-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қарашада № 4275 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 4/29-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 18.08.2023 № 4/29-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Төлеби ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төлеби ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Төлеби ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*М.Ермаханбетова  
Н.Койбағаров*

## Төлеби ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 23.06.2020 № 53/298-VI шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,64-2,63
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,32
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,32
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,25
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,7
6	Емханалар	1 келіп кету	0,02
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,73
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,05
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,57
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,1
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңы	Жоба бойынша 1 орын	0,09
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,87
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,29

15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	1,62
16	Алынып тасталды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 23.06.2020 № 53/298-VI шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).		
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,62
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,62
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,07
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,87
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,87
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,24
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина – орын	1,55
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,83
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	1,45
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,95
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,62
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,87
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары кілттер жасау (кілттер жасау және сол сияқты)	1 жұмыс орны	1,95
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,07
32	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	12,0

**Төлеби ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 23.06.2020 № 53/298-VI шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№ р/с	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1.	Жайлы емес үйлер	1 адам	100
1.2.	Жайлы үйлер	1 адам	130
1.3.	Занды тұлғалар	1 текше метр	1790
2.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1.	Жеке тұлғалар	1 текше метр	580
		1 тонна	2900
2.2.	Занды тұлғалар	1 текше метр	725
		1 тонна	3625
3.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтері	-	-